

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282
Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1606 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 501 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 501 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 4, 48-құжат; 2005 ж., N 15, 174-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде:

С санаттарының тобында:

тақырыбы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының шетел мекемелері";

С-7, С-8, С-9, С-10 және С-11 санаттары "СІМ" деген аббревиатурадан кейін " және шетел мекемесінің" деген сөздермен толықтырылсын;

Е санаттары тобындағы ескертуде "республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы" деген сөздер "қалалардағы" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті